

Тексерілді:

Балабақша әдіскері: *Оспанова Ұ. Ж.*
« 08 » 08 2026 жыл

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ
Топ: «Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Қандай кезеңге жасалды : 02.02 – 06.02.2026ж
Құндылық: «Жасампаздық пен жаңашылдық» / ақпан айы
Апта дәйексөзі: «Білім алып, жаңа нәрсе үйрен»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – баланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу.</i>	<i>Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету.</i>	<i>Күй күмбірі – баланы ұлттық өнермен қарсы алу, рухани байлыққа жетелеу.</i>	<i>Күй күмбірі – баланың жүрегіне ұлттық тәрбие ұялату.</i>	<i>Күй күмбірі – тіл мен дәстүрге құрмет қалыптастырады.</i>
	<i>Балаларды есік алдында күлімсіреп қарсы алу. Баланың көңіл-күйін бақылау (қуанышты, мазасыз, ұйқышыл т.б.). Баланы шағын топпен ойнауға тарту.</i>	<i>Баланы қуыршақпен немесе ойыншық аюмен қарсы алу. Киімін шешуге көмектесу. Жұмсақ кілемшенің үстінде тыныш ойынға шақыру.</i>	<i>Баланы қолынан ұстап, топқа бірге кіргізу. Пазлдың қарапайым бөліктерін беру. Жанында отырып, «сенің орның осында» деп сенімділік беру. Қысқа әуен қосып, көңілін көтеру.</i>	<i>Таңғы жылы амандасу. Баланы топ бұрыштарына (кітап, сурет салу, құрастыру) еркін орналастыру. Баланың эмоционалды жағдайына ерекше назар аудару.</i>	<i>Баланы «Сиқырлы қоратшамен» қарсы алу (ішінен ойыншық таңдату). Таңдаған ойыншығын беріп, көңілін бөлу. Баланы қасында отырып, жай әңгімеге тарту.</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</i>				
	<i>Әңгіме: Әдептілік пен сыпайылық – баланың адамгершілігінің айнасы. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу – тәрбиенің негізі. Кеңес: Балаңызды «Рахмет», «Кешір», «Өтінемін» деген сыпайы сөздерді қолдануға дағдыландырыңыз. Бұл – ізеттілік пен әділ қарым-</i>	<i>Әңгіме: Мейірімділік – адамдарды жақындастыратын ең асыл қасиет. Мейірімді бала айналасына қуаныш сыйлайды. Кеңес: Балаңызды ойыншықпен бөлісуге, достарына көмектесуге үйретіңіз. Бұл – мейірімділік пен</i>	<i>Әңгіме: Тәртіп – тәрбиенің негізі. Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді. Кеңес: Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.</i>	<i>Әңгіме: Тәртіп – тәрбиенің негізі. Тәртіпті бала уақытты бағалап, жауапкершілікті сезінеді. Кеңес: Балаңызды күн тәртібін сақтауға, уақтылы тамақтанып, ұйықтауға дағдыландырыңыз. Бұл – тәртіп пен жинақылыққа баулиды.</i>	<i>Әңгіме: Қамқорлық – адамгершіліктің белгісі. Қамқор бала айналасына жанашырлықпен қарайды. Кеңес: Балаңызды достарына көмектесуге, үйдегі шағын жұмыстарға қатысуға үйретіңіз. Бұл – қамқорлық пен жауапкершілікті дамытады.</i>

	<i>қатынасты қалыптастырады.</i>	<i>жанашырлықты қалыптастырады.</i>			
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Картотека №10 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру	Картотека №11 «Әдептілік» Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету.	Картотека №7 «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу	Картотека №14 «Кімге не керек» Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету	Картотека № 18 «Өз мекеніне орналастыр» Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Ертеңгілік жаттығу	<i>Ақпан айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Ақпан айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Ақпан айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Ақпан айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>	<i>Ақпан айының I- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.</i>
	Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген				
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.				
	Әңгіме: – Балалар, біздің ішетін асымыздың бәрінде дәрумендер бар. Сүт сүйекті қатайтады, ет күш береді, нан тоқ қылады. Бәрін тауысып жесек, деніміз сау, көңіліміз көтеріңкі болады. Психологиялық тәрбие: – Асымызды тауысып жегенде өзімізді мықты сезінеміз. Қауіпсіздік: – Ыстық асты бірден ішпейміз, үрлеп барып ішеміз.	Әңгіме: – Әрбір ас – ата-анамыздың еңбегі. Оған құрметпен қарасақ, үлкендерді қуантамыз. Психологиялық тәрбие: – Үлкенді сыйлаған бала мейірімді болады. Қауіпсіздік: – Ас үстінде ыдысты ойыншық қылмаймыз, қолымыздан түсіріп алмау үшін абай ұстаймыз.	Әңгіме: – Суды да, тамақты да үнемдесек, ол жауапкершілігімізді көрсетеді. Психологиялық тәрбие: – Жауапты бала өзін де, басқаны да ойлайды. Қауіпсіздік: – Су төгілсе сүртіп аламыз, еденге қарап жүреміз, жүгірмейміз.	Әңгіме: – Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз. Психологиялық тәрбие: – Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады. Қауіпсіздік: – Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.	Әңгіме: – Ас ішкенде тыныш отырсақ, бәрімізге ыңғайлы. Бұл – тәртіптіліктің белгісі. Психологиялық тәрбие: – Тыныш отырған бала өзін ұстай біледі, өзін-өзі сыйлайды. Қауіпсіздік: – Ас үстінде қатты сөйлемейміз, ауызымызда ас тұрғанда сөйлеспейміз.

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)</p>	<p>«Қамқор» жобасы Ойын: «Жоғалған ойыншыққа көмектесейік» Тәрбиеші: «Ойыншық досымыз үйін таба алмай жүр. Қалай көмектесеміз?» – деп балалардан кеңес сұрайды. Балалар: «Жол көрсетеміз», «Қасына ертіп апарамыз». Мақсаты: баланы жанашырлыққа, қамқорлық жасауға баулу.</p>	<p>«Шабьт» жобасы Ойын: «Сиқырлы музыка» Әуен қосылады. Балалар музыкаға сай қимыл ойлап табады (құстың ұшуы, гүлдің ашылуы). Әр бала өз қимылын көрсетеді. Мақсаты: қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту.</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы Ойын: «Кім еңбекқор?» Тәрбиеші суреттер көрсетеді: бір бала ойыншық жинап жатыр, екіншісі шашып жүр. Балалар: «Мынау еңбекқор, мынау жалқау». Мақсаты: жақсы мен жаман қылықты ажырата білуге үйрету.</p>	<p>«Смарт бала» жобасы Ойын: «Не жетіспейді?» Үстелге заттар қойылады (доп, қасық, кітап). Біреуін тәрбиеші жасырады. Балалар: «Доп жоқ!», «Кітап жоқ!» дейді. Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту.</p>	<p>«Ұиқыр ой алаңы» жобасы Ойын: «Қайда тұрады?» Тәрбиеші: «Балық қайда тұрады?» Балалар: «Суда!» «Қоян қайда тұрады?» – «Инде!» «Көлік қайда жүреді?» – «Жолда!» Мақсаты: логикалық ойлауын дамыту.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген үйі.</p>				
	<p>Миза шабуыл Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақтарды шешу Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ, ұлиды (Боран). Арыстан арқырады, Орман жарқырады (Найзағай). Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады (Жел). Қыста гана болады, Ұстасаң, қолың тоңады (Қар) Дид ойын: «Табиғат құбылыстары» Шарты: Табиғат құбылыстарына анықтама беру. табиғат құбылыстары – әр маусымда болатын табиғи</p>	<p>Қызығушылықты ояту -Балалар қараңдаршы менің қолымдағы доптың пішіні қандай? - Дұрыс, ал сендер білесіңдер ме, біз өмір сүріп жатқан жердің пішіні де осындай доп сияқты дөңгелек. - Енді экранға назар аударайық. /Жердің бейнесін көрсету/ Дид ойын: «Жер шары» Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады Дид ойын: «Кім тапқыр?»</p>	<p>Ғажайып сәт: Ақ көгершін ұшып келеді. Сәлеметсіз бе балалар? Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар! Бала үні. Табиғат ананың хатын оқу. Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар сендер «Өлі және тірі табиғатты» жайлы білесіңдер ме? Сендердің білімдеріңді тексергім келіп хат жолдадым, өзімде аз уақыттан соң барамын. Табиғат ананың тапсырмасын орындау Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс. - Балалар табиғат дегеніміз не? - Табиғат нешеге бөлінеді?</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Телефон шырылдау. -Сәлеметсіздер ма? Мен Дымбілмеспін, маған көмек керек. -Мен сендерге гүлдерді жібердім, бұл жай гүл емес, сиқырлы гүл, ішінде бірнеше маған қойылған сұрақтар бар мен сол сұрақтардың жауабын қаниша ойлансамда таба алмай келемін, маған көмектесіңдерші балалар? -Жарайды Дымбілмес -Біздің балалар өз білгендерімен көмектеседі. Миза шабуыл. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: жасырған жұмбақты шешу. 1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі. Көрік берген далама, Білер оны бар бала. (Ағаштар) Сұрақ – жауап. Ой қозғау. Ағаштар және орман туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап. -Қазір қандай мезгіл? -Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр? -Ағаштар бізге не үшін қажет? -Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді? -Неге ну орман дейміз?</p>

<p>өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай т.б.).</p> <p>Жыл мезгілдері туралы бейнефильмдер тамашалау.</p> <p>1 – ші терезені ашу. – Балалар, суреттен нені байқадыңдар? Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе басайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады.</p> <p>Дид ойын: «Жаз көрінісі» Шарты: А3 форматта жаз мезгілін құрастыру.</p> <p>Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық.</p> <p>2 – ші терезені ашу. Күз туралы бейнефильмді тамашалау. Күзде күн суыта бастайды. Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауады. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Күзде егін піседі. Егінді адамдар жинайды. Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, жерге түседі. Жан-жануарлар да қысқа азық жинайды.</p> <p>Дид ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз»</p>	<p>Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн)</p> <p>-Күн туралы түсінік беру. - Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су, ауа. –Олар жылуды қайдан алады. --Күннің пішіні қандай? –Күннің шуағы деген не?</p> <p>Шығармашылық бұрыш. Ұжымдық жұмыс. Үлкен форматта салынған дөңселекке күннің шуағын жапсыру.</p> <p>Тақпақ жазтау. «Күн» Қандай көркем қысқы күн Аралап жүріп бұлттарды, Жайлап сеуіп ол нұрын Жарқыратар ақ қарды. /Экранда табиғат суреті бейнеленген/ Балаларға табиғат туралы әңгімелеу. Жан-жануар, құстар, жеміс-жидектер туралы әңгімелеу</p> <p>Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Ой қозғау.</p>	<p>Өлі және тірі табиғаттың бір-бірінен айырмашылығы неде?</p> <p>Ой қозғау Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз?</p> <p>Сергіту сәті. «Құм, тас, су». «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу.</p> <p>Дид ойын: «Өлі және тірі табиғат» Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу</p> <p>Көгілдір экраннан Табиғат ана шығады. Топтық жұмыс Сендердің қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын. Өте ақылды балалар екенсіңдер. Табиғатты өте жақсы көреді екенсіңдер. Мен сендерген сыйлық әкелдім. Ал ендеше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар.</p>	<p>Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең Адамзат, жан жануар соның арқасында Мәңгілік өсіп өнеген. (Жер)</p> <p>2. Таңмен көзін ашады Әлем нұрын шашады(Күн) -Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама? -Ал жануарлар мен өсімдіктер ше? -Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық, жылу өте қажет балалар.</p> <p>3. Дәміде жоқ, түсінде жоқ Пайдаланбас кісінде жоқ. Су</p> <p>4. Бір нәрсе жермен көктің арасында Көрмейді өзі түгіл қарасыда Білінбей жер бетінде жүрсе дағы Пайдалы адамзаттың баласына (ауа)</p> <p>Ой қозғау. АҚТ технол Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету. Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы түсіндіру. Табиғат туралы түсінік беру. (жер, су, ауа, өсімдіктер, құстар, жануарлар т.б.) -Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру. Табиғат нешеге бөлінеді? Күн неге жарқырайды?</p>	<p>Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Биік болып өседі. - Балалар, бүгін біз табиғат туралы әңгімелесеміз. Бізді қоршаған орта: жан-жануарлар мен өсімдіктер. Жер мен Ай, Күн, алыстағы жұлдыздар – осылардың барлығы табиғат деген ұғымды білдіреді. Табиғат тірі табиғат және өлі табиғат болып екіге бөлінеді</p> <p>Дид ойын: «Жалғасын тап» Жансыз табиғат - Жанды табиғат - Жанды табиғат жансыз табиғатсыз (тіршілік ете алмайды)</p> <p>Дид ойын: «Экологиялық бағдаршам» Экологиялық жүйені бұзбау керек, яғни тыйым салатын белгілер, ұяларды, құмырсқаның илеуін бұзбау, өрмекшінің торын бұзбауға, жәндіктерді аулауға тыйым салынғанын айтады. Адам орманның қонағы болып табылады және ол қонаққа барғанда қожайынның үйін бүлдірмей өзін дұрыс</p>
---	---	---	--	--

	<p>Шарты: Ермексизден саңырауқұлақ мүсіндеу.</p> <p>3 – ші терезені ашу.</p> <p>Көктем туралы бейнефильмді тамашалау.</p> <p>– Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады? Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп жылғалардан су ағады. Жыл құстары өз мекендеріне ұшып келе бастайды. Келе сала ұя салып, балапан басып шығарады. Ағаш бұтақтары бүршік жарады. Құрт-құмырсқа, аралар оянады.</p> <p>– Күн күркіреп, жаңбыр жауады.</p> <p>Дид ойын: «Бүршік жарған ағаштар»</p> <p>Шарты: Дайын ағаш макетіне жасыл ермексизден бүршік жапсыру.</p> <p>4 – ші терезені ашу.</p> <p>Қыс туралы бейнефильмді тамашалау.</p> <p>– Ал, қыста қандай құбылыс болады? Қыста күн суық болады. Қар жиі жауады. Ағаштардың бұтақтарын қар басып, бұтақтар иіліп тұрады. Айнала аппақ қарға оранады. Боран соғып, үскірік аяз болады. Аюлар апанында ұйқыға жатады. Өзендер мен</p>	<p>Дид ойын:</p> <p>«Өлі және тірі табиғат»</p> <p>Шарты: Өлі және тірі табиғатты құрастыру, сипаттама беру.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ Тірі табиғатты жасыл параққа жапсыру.</p> <p>2-топ Өлі табиғатты құрастыру.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Сұрақтар ілмегі.</p> <p>Қоршаған ортаны қалай қорғауымыз керек екен? Балалардың жауаптары. Мадақтау.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы: «Мөлдіреген аппақ қыс» (сурет бойынша әңгіме)</p> <p>Қыс туралы әнмен бастау.</p> <p>-Балалар жаңа біз қай жыл мезгілі туралы ән айттық?</p> <p>-Қыс мезгілінің ерекшелігін кім айтады?</p> <p>Тосын сәт.</p> <p>Хатшы хат пен қорапша әкеледі.Хатты оқу.</p> <p>Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық.</p> <p>Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік.</p>	<p>Табиғат анамен қоштасу</p> <p>Шапалақ әдісі.</p> <p>Рефлексия</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	<p>Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?</p> <p>Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен болып өседі.</p> <p>Дид ойын: «Топтастыр»</p> <p>Шарты: Тірі және өлі табиғат заттарын сурет арқылы топтастырып жинау.</p> <p>Балаларды топқа бөлу.</p> <p>1-топ: Өлі табиғатқа жататын заттардың бөлігін құрастырып, жапсыру.</p> <p>2-топ: Қорапты жасылға бояу. Тірі табиғат заттарының жасыл қорапқа салу.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Дид ойын:</p> <p>«Шатастырма»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көктемде қар жауады. 2. Қазір жаз мезгілі? 3. Көктемде қар ериді? 4.Қыста жапырақтар сарғаяды? 5. Жыл мезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз. 6.Жаз ең суық жыл мезгілі 7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді? 8.Жазда балалар оқиды? <p>Балаларды мадақтау</p>	<p>ұстау ережелері қажет екенін есте ұстауы тиіс.</p> <p>Шығармашылық бұрыш</p> <p>Еркін тақырыпта жұмыс.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>көлдердің бетіне қалың мұз басады. – Қар жауады Дид ойын: «Суретші қыс» Шарты: Дәстүрден тыс май шаммен сурет салу. Барысы: Ақ қағазға майшаммен сурет салу, үстін көк бояумен бояу. Дид ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Бөлмеде жыл мезгілдері бейнеленген орманның макеті тұр. Осы макетте төрт мезгілдің өзіне тән белгілері шатастырылып қойылған. Сол қатені түзеулері керек. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау.</p>	<p>1-топ. Аққала тобы 2- топ Ақшақар тобы. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Ой қозғау. Суретке қарап әңгіме құрыңдар? «Қыс мезгілі» 2- топ Ақшақар тобына тапсырма. «Қысқы еңбек» суретке әңгіме құраңдар Балаларды мадақтау. 2- тапсырма. Топтық жарыс Миға шабул. «Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?» 1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (қар) 2.Тісі жоқ,тістеп алады. Қолы жоқ, сурет салады. (аяз) 3.Мені қардан жасапты, Ойланып көр Қолым-таяқ, Мұрным-сәбіз, Көзім-көмір. (аққала) 4.Қырга сүйреп шығам, Ойғы мініп түсем. (шана) 5.Өзі судан жаралған, Бірақ судан қорқады. (мұз) 6.Су да, мұз бар, Жер де, қар бар. Боран басып соғады. Бұл қай кезде болады? (қыс) Екі топты мадақтау.</p>			
--	--	--	--	--	--

		<p>Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан. 3-тапсырма Сұрақтар ілмегі. 1-топ Аққала тобына сұрақ. Қыс мезгілінде біз аулаға серуенге шықтық, бірақ қолымызда қолғап жоқ, қолдарың тонды. Сендер не істер едіңдер? 2- топ Ақшақар тобына сұрақ Қыс мезгілі көшеде әже келе жатып құлап қалады, аяғын ауыртып алды, сендер әжеге қандай көмек көрсетесіңдер? Мадақтау. 4-тапсырма Воскобович әдісін қолдана отырып, тақтада қыс бейнесін құрау. (Қысқы ағаш, қар, шырша). Екі топты мадақтау.</p>			
Серуенге дайындық	<p>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</p>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	Картотека № 5	Картотека № 7	Картотека № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.	Картотека № 10 Мұзды бақылау.	Картотека № 12 Бұлтты бақылау.


	Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.	Қыстап қалатын құстарды бақылау.			
<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан</i>					
Серуеннен оралу	<i>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</i>				
	<p>Киімдерін шешу: Балаларды сырт киімдерін ретімен шешіп, орындарына жинақтап қоюға үйрету. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жуу, сүлгісіне сүрту. Гигиеналық шаралар: Жуыну кезінде шуламай, тыныштық сақтауды түсіндіру. Түскі асқа дайындық: Қолдарын жуып болған соң асханаға барады.</p>	<p>Киімдерін шешу: Әр баланы киімін бүктеп, сөресіне қоюға дағдыландыру. Тазалық процедуралары: Қолдарын мұқият сабындап жууға үйрету. Гигиеналық шаралар: Суды шашпауға тәрбиелеу. Түскі асқа дайындық: Таза қолмен үстелге отыру.</p>	<p>Киімдерін шешу: Киімдерін шешкенде бір-бірінің заттарын алмауға үйрету. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жуып, сүлгісін қолдануды қадағалау. Гигиеналық шаралар: Жуынғанда сабынды үнемді пайдалану. Түскі асқа дайындық: Ас ішер алдында қолдарын тексеру.</p>	<p>Киімдерін шешу: Балалар киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинайды. Тазалық процедуралары: Қолдарын жақсылап жуу, сүлгісін орнына ілу. Гигиеналық шаралар: Жуыну кезінде ойнамауды ескерту. Түскі асқа дайындық: Балаларды асханаға шақыру.</p>	<p>Киімдерін шешу: Киімдерін шешіп болған соң, аяқ киімін де ретімен қоюға үйрету. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жууын қадағалау. Гигиеналық шаралар: Сумен шашпау, тыныштық сақтау. Түскі асқа дайындық: Ас алдында қолдарын жуып, үстелге отыру.</p>
Түскі ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</i>				
	<p>Әңгіме: – Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Артық алып, қалдыру – дұрыс емес. Қауіпсіздік: – Ас ішкенде асықпай жейміз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас – ойын емес. Ас ішіп болған соң ғана ойнаймыз. Қауіпсіздік: – Ойыншықты дастарқанға әкелмейміз.</p>	<p>Әңгіме: – Әрбір түйір ас – еңбектің жемісі. Оны төкпей, ысырап қылмай жейік. Қауіпсіздік: – Бідысты үстелге қатты қоймаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішсек, күшті, сергек боламыз. Ас – денсаулыққа пайда. Қауіпсіздік: – Бістық асқа үрлеп ішеміз.</p>	<p>Әңгіме: – Асқа құрмет көрсетсек, дастарқанымыз берекелі болады. Әр асқа алғыс айтайық. Қауіпсіздік: – Ас үстінде шуламаймыз, тыныш отырамыз.</p>
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	№4 Майтабанның алдын алу. Тырысамыз, тырысамыз Денсаулықты нығайтамыз	№ 5 Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар.	№ 6 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Тыныс алу жаттығулары	№7 Майтабанның алдын алу. Ояту Көзімізді ашайық	№10 Төсекте жатып жасайтын жаттығулар

	<p>Аяқ, қол мықты болып Май табаннан арыламыз. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.</p>	<p>Ояту Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақ ұрайық Орнымыздан тұрайық.</p>	<p>Ұзын құлақ сұр қоян Ести қалып сыбырды Өсіп тұрған сәбізді Жұлып алып иіскеді.</p>	<p>Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</p>	<p>Мысықтар Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарап Достарымызға күлеміз.</p>
<p><i>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</i></p>					
Бесін ас	<p><i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</i></p>				
	<p>Әңгіме: – Қолды сабындап жуу – денсаулық кепілі. Қауіпсіздік: – Су шашпай, абайлап жуамыз.</p>	<p>Әңгіме: – Нан – дастарқанның берекесі. Нанды аяқ асты етпейміз. Қауіпсіздік: – Нанды ауызға толтыра салмаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас кезінде тыныш отырамыз, таласпаймыз. Қауіпсіздік: – Ыдысты бір-бірімізге ысырмаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішіп болған соң ыдысты ретімен қою – ұқыптылықтың белгісі. Қауіпсіздік: – Ыдысты қатты соқпаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Тамақты мөлшермен ғана аламыз. Артық қалдырмаймыз. Қауіпсіздік: – Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз.</p>
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Аралар әлемі Қызығушылықты ояту. Дид ойын «Кім тапқыр» Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр – түсі сары – ала Бұл не? Балалардың жауаптары. Тосын сәт. Ара ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Достарым жоқ,маған достар керек дейді. балалар көмектесеміз ба? 2-топқа бөлу. 1-топ дайын үлгідегі араны қиып жапсыраады.  2-топ.дөңгелек картоннан ара жапсырады.</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Топқа қозы келеді. Балалармен амандасады. Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар?. Балалар қозы айтады, менде дос жоқ,жалғыз ой нағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме? Балалардың жауаптары. Топқа бөлу.  1-топ қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жыртыу әдісі арқылы</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Тауық келеді. Балалар тауықпен амандасады. Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.) -Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе? Топқа бөлу. Тауық,балапан суреті арқылы топқа бөлу. </p>	<p>Дид ойын: «Ормандағы түлкі» Миға шабул. Жұмбақ жасыру. Өзі қу, Жүрген жері айқай-шу. (Түлкі) Тосын сәт. Түлкі келеді. Балалармен амандасады. Көңілсіз. Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады. Балалар түлкіге көмектесеміз бе? Топқа бөлу. 1-топ түлкіні конус жасау арқылы жапсырады. </p>	<p>Тосын сәт топқа құтын құшып келуі. Балалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр. Біз оған қандай көмек бере аламыз. Миға шабул. Жұмбақ жасыру.Тал басында тамаша үй (ұя) Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді? Құстарға ұя не үшін қажет? Топқа бөлу. 1-топ түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады 2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.</p>

	 <p>Қорытынды. Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Галерия шарлау әдісі. Екі топ бі-бірінің жұмыстарына баға береді.. Ара қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.</p>	<p>үстіндегі жүнін жапсырады. 2-топ қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.</p>  <p>Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Галерея шарлау. Бір бірінің жұмыстарын бағалау. Жасаған жұмыстарын қозыға беру. Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.</p>	<p>1-топ тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды. 2-топ балапанды саусақ арқылы бояйды. 3-топ. балапан сұлбасын дән арқылы беру.</p>  <p>Балалардың жұмысын бақылау. Тауыққа балапандарды сыйлау. Қорытынды. Балалардың жұмысын қорытындылау.</p>	<p>2-топ тұлкіні геометриялық пішіндерден қиып жапсырады.</p>  <p>Көрме ұйымдастыру. Тұлкі достары көп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады. Балаларды мадақтау.</p>	 <p>Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. Қорытынды. Сұрақтар қою.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тақырыбы: «Сиқырлы қорапша» Мақсаты: Бала зейінін, есте сақтауын дамыту. Шарты: Қорапшаға бірнеше ұсақ ойыншық салынады. Бала 10 секунд қарайды, сосын қорап жабылады. «Қандай ойыншықтар бар еді?» деп сұралады.</p>	<p>Тақырыбы: «Көңіл-күйді тап» Мақсаты: Баланың эмоцияларын тану дағдысын қалыптастыру. Шарты: Балаға түрлі смайликтер көрсетіледі. «Қайсысы қуанышты? Қайсысы ренжіген?» деп сұралады. Бала өз көңіл-күйін де көрсетеді.</p>	<p>Тақырыбы: «Артық затты тап» Мақсаты: Салыстыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Үш сурет көрсетіледі (алма, алмұрт, машина). Бала артық затты табуы керек.</p>	<p>Тақырыбы: «Жылы сөз айт» Мақсаты: Баланың коммуникативтік дағдысын жетілдіру. Шарты: Тәрбиеші балаға: «Маған жылы сөз айтышы» дейді. Мысалы: «Сіз әдемісіз», «Сіз жақсысыз».</p>	<p>Тақырыбы: «Сиқырлы қимылдар» Мақсаты: Есте сақтау мен қимыл-қозғалысты дамыту. Шарты: Тәрбиеші бір қимыл көрсетеді (шапалақтау, қол көтеру), бала қайталайды. Кейін 2–3 қимылды қатарынан қайталатады.</p>
Серуенге дайындық	<p>«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</p>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза

	<i>Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</i>	<i>, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>дағдыландыру.</i>	<i>Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>	<i>ұстау және жинау</i>
Серуен	<i>Картотека № 5</i> <i>Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.</i>	<i>Картотека № 7</i> <i>Қыстап қалатын құстарды бақылау.</i>	<i>Картотека № 8</i> <i>Адамдардың қысқы еңбегі.</i>	<i>Картотека № 10</i> <i>Мұзды бақылау.</i>	<i>Картотека № 12</i> <i>Бұлтты бақылау.</i>
<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.</i>					
Балалардың үйге қайтуы	<i>Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
	<i>Бүгін балалар сурет дәптеріне нүктелерді қосып қарапайым сурет жасады. Көз-қол үйлесімділігін дамытты. Үйде балаңызбен «нүктелерді қос» ойынын ойнау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар түрлі иістерді ажыратуға тырысты (гүл, сабын, жеміс). Сезім мүшелерін дамытуға талпынды. Үйде жеміс-жидектің иісін таныстырып, «Бұл не?» деп сұрау пайдалы.</i>	<i>Бүгін балалар қарапайым «дөңгелек, үшбұрыш, шаршы» пішіндерден үй салды. Қиялын іске қосты. Үйде қағаздан пішін қиып, сурет құрастыруға көңіл бөліңіздер.</i>	<i>Бүгін балалар айна алдында «кім қалай қимылдайды?» ойынын ойнады. Өзін-өзі бақылауға үйренді. Үйде айна алдында әртүрлі қимылды қайталау қызықты болады.</i>	<i>Бүгін балалар музыка тоқтағанда «қатып қалу» ойынын ойнады. Зейінін шоғырландырып, тыңдауға үйренді. Үйде осындай «тоқта!» ойынын ойнау пайдалы.</i>

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:  Оспанова Ұ. Ж.

«09» 02 2026 жыл

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ

Топ: «Күншуақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Қандай кезенге жасалды : 09.02 – 13.02.2026ж

Құндылық: «Жасампаздық пен жанашылдық» / ақпан айы

Апта дәйексөзі: «Жаңа істен жақсылық туады»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – ел тарихын білуге баулу.</i>	<i>Күй күмбірі – өнер мен қолөнерді қадірлеуге үйрету.</i>	<i>Күй күмбірі – баланы салт-дәстүрге жақындату</i>	<i>Күй күмбірі – аланы ұлттық өнер арқылы тәрбиелеу, мәдениетке баулу.</i>	<i>Күй күмбірі – баланың бойына әсемдік пен ұлттық сезім ұялату.</i>
	<i>Баланы ойыншық қоянмен қарсы алу. Қоянмен бірге үстелге отыруға шақыру. Баланы құрастыру бұрышына бағыттау.</i>	<i>Баланы есіктен кіргенде күлімдеп қарсы алу. Достарымен амандасуға бағыттау. Үстел үсті ойыншықтарына қызықтыру. Баланың көңіл-күйін бақылау.</i>	<i>Баланы есімімен атап қарсы алу. Ойын бұрышына еркін орналастыру. Баланы сурет салу бұрышына бағыттау.</i>	<i>Баланы күлімсіреп қарсы алу. «Сәлеметсіз бе» деп жауап беруге үйрету. Құрастыру ойындарына қызықтыру. Достарымен ортақ ойынға қосу.</i>	<i>Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. Ойыншық аю немесе қуыршақ арқылы амандастыру. Достарына жақындастыру. Баланы үстел үсті сурет бояуға бағыттау</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.</i>				
	<i>Әңгіме: Ізеттілік – әдемі қарым-қатынастың бастауы. Ізетті бала әрқашан сыйлы болады. Кеңес: Балаңызды үлкендерге сәлем беруге, сөйлескенде «Апай», «Аға» деп құрметпен айтуға үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Сенімділік – баланың тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Сенімді бала өзіне жауапты болады. Кеңес: Балаңызды өз ойын ашық айтуға, тапсырманы соңына дейін орындауға дағдыландырыңыз.</i>	<i>Әңгіме: Жақсылық жасау – мейірімнің көрінісі. Жақсылықты үйренген бала айналасында сыйлы болады. Кеңес: Балаңызды досына көмектесуге, кішкентай сыйлық жасауды әдетке айналдыруға үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Еңбек – тәрбиенің алтын қазығы. Еңбекқор бала әрқашан жетістікке жетеді. Кеңес: Балаңызды үстел жинау, ойыншықтарын орнына қою сияқты еңбектің қарапайым түрлеріне дағдыландырыңыз.</i>	<i>Әңгіме: Қуаныш пен шаттық – баланың жан дүниесін байытады. Көңілді бала әрқашан белсенді болады. Кеңес: Балаңызға күлімдеуді, жақсы сөз айтуды үйретіңіз. Бұл – оның көңіл-күйін көтереді.</i>
Балалардың іс-әрекеті (ойын,	<i>Картотека №3</i>	<i>Картотека №4 «Құстар біздің досымыз»</i>	<i>Картотека №10 «Жол әліппесі»</i>	<i>Картотека №14 «Кімге не керек»</i>	<i>Картотека №17 «Әдемі гүл»</i>

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p>«Жануарларға қамқор боламыз» Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту</p>	<p>Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.</p>	<p>Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету</p>	<p>Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту</p>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан					
Ертеңгілік жаттығу	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.
Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген					
Таңғы ас	Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту.				
	<p>Әңгіме: – Ас ішіп отырған кезде досымызға кедергі жасамаймыз. Әдептілік – достықты нығайтады. Психологиялық тәрбие: – Досын сыйлаған бала мейірімді, жанашыр болады. Қауіпсіздік: – Қолды сермемейміз, қасықты қасымыздағы балаға тигізбей ұстаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішіп отырған кезде досымызға кедергі жасамаймыз. Әдептілік – достықты нығайтады. Психологиялық тәрбие: – Досын сыйлаған бала мейірімді, жанашыр болады. Қауіпсіздік: – Қолды сермемейміз, қасықты қасымыздағы балаға тигізбей ұстаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Еттен, сүттен, көкөністен, жемістен алған дәрумен бізге күш береді. Психологиялық тәрбие: – Күшті бала сенімді болады, ол өзін жеңімпаз сезінеді. Қауіпсіздік: – Етті асықпай, жақсылап шайнаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішкенде өзімізге жететіндей ғана алайық. Қалғанын ысырап етуге болмайды. Психологиялық тәрбие: – Ұқытты бала өзін-өзі жинақы ұстайды, тәртіпке үйренеді. Қауіпсіздік: – Қолымызды созып, басқаның ыдысына салмаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішіп болған соң «Рахмет» деу – әдептіліктің белгісі. Бұл бізді сыпайы етеді. Психологиялық тәрбие: – Алғыс айтқан бала жүрегінде ризашылықты қалыптастырады. Қауіпсіздік: – Ас ішіп болған соң ыдысты үстелге абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)</p>	<p>«Балалар кітапханасы» жобасы Ойын: «Кейіпкерді сипатта» Тәрбиеші: «Мақта қыз қандай?» Балалар: «Жақсы, мейірімді». «Қасқыр қандай?» Балалар: «Ашулы, қу». Мақсаты: кейіпкер мінезін ажырата білуге үйрету.</p>	<p>«Қамқор» жобасы Ойын: «Досыма көмек» Бір бала ойыншықты «көтере алмай жатыр» деп рөл ойнайды. Қалғандары: «Біз бірге көмектесеміз» дейді. Мақсаты: ұжымдық көмекке үйрету.</p>	<p>«Шабьт» жобасы Ойын: «Сиқырлы қиялиар» Балалар көзін жұмып, тәрбиеші: «Қазір сендер ертегі еліне бардыңдар. Қандай гажайып көріп тұрсыңдар?» дейді. Балалар әртүрлі жауап береді: «Үлкен гүл», «Сиқырлы үй». Мақсаты: қиял мен елестету қабілетін күшейту.</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы Ойын: «Таза бөлме» Ойыншықтар әдейі шашылып тасталады. Балалар жарысып жинайды. Соңында: «Бөлме таза болса, бәріміз жуаныштымыз!» дейді. Мақсаты: тазалық пен еңбекке дағдыландыру.</p>	<p>«Смарт бала» жобасы Ойын: «Артық затты тап» Тәрбиеші: «Алма, алмұрт, банан, қалам». Балалар: «Қалам – артық!» Мақсаты: ойды салыстыру, топтастыруға үйрету.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p>«Қамқор» жобасы аясында «Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген ұя.</p>				
<p>Ой қозғау. - Балалар, саяхатқа шығып әлемді шарлаған ұнай ма? Саяхатты хабарлау. - Олай болса бәріміз кемеге отырып теңізге саяхатқа шығуға дайындалайық. Ол үшін кеме құрастырып алуымыз керек. Дид ойын: «Кеме» Шарты: Геометриялық пішіндерден кеме құрастыру. Мен кеме капитаны боламын, ал сендер зерттеуші боласыңдар. Қане, өз орындарыңа жайғасыңдар. Ал балалар көңілімізді көтеріп ән салып барайық. Алыс – алыс елдерге, Орман, тоғай көлдерге Саяхаттап барамыз Теңіз түбін көруге - Балалар қараңдаршы! Белгісіз аралға келіптіз, жан-жағымызға қарайықшы, аралды толқыған су қоршап</p>	<p>Қызығушылықты ояту. Білмесбек қонаққа келеді. Столда – ұшқан қарлығаштың суреті. Ол балалар мынау қандай әдемі балық! Балалар. Жоқ, Білмесбек бұл балық емес құс – қарлығаш. Қалай ол балыққа ұқсайды го. Қараңдаршы: құйрығы, желбезектері... (қанаттарын көрсетеді), бұл нағыз балық. Балалар. Жоқ, Білмесбек қателесесің. Онда мен құстарды балықтан ажыратуды ешқашан үйренбей келем. Ал сендердің қарлығаштарың балыққа ұқсайды. Мүмкін сендер бәрің қателескен шығарсыңдар? Мен мұндай балықты аквариумда көрдім - скаляр деп аталады.</p>	<p>Менің сүйікті бұрышым Ертегілер еліне саяхат бұрышы. Алтын балық ертегісін түсіндіру. Тосын сәт. Хат келу, оқу. Құрметті балалар мен алтын балықпын маған көмек керек. Байқаусызда теңізге құлап, үйіне аквариумына дейін өздігінен жүзе алмайтын алтын балық бізге бізден көмек сұрайды. Біз оған көмектесуге тырысуымыз керек. Балалар, біз су патшалығына саяхатқа барамыз ба? Сендер ертегіні тыңдадыңдар, онда алтын балық тілекті орындайды, бірақ біздің саяхатымызда біз керісінше басқа алтын балыққа көмектесеміз. - Біздің балықтардың үйіне жүзіп келуіне көмектесетін</p>	<p>Қызығушылықты ояту. (Үстелде пазлдар жатыр) Балалар бізге біреу тапсырма әкеп тастаған сияқты. Бұл не деп ойлайсыңдар? (Балалардың жауаптары) Әрине, бұл жұмбақтар, оларды құрастыру керек. Дид ойын: «Кім жылдам?» Шарты: Қиылған суреттерді құрастырып шығару. Иә, дұрыс, бұл балық Демек бүгін біз балық туралы сөйлесетін боламыз. Ой қозғау. 1-тапсырма: Балықтар қайда мекендейді? Дұрыс, өзенде, теңізде, көлде, тоғанда, мұхитта. Олар құрлықта өмір сүре ала ма? Жоқ деп ойлайсыз ба? Неліктен балық тек суда өмір сүре алатынын қараймыз.</p>	<p>Қызығушылықты ояту Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ шешу 1. Жер бетінде бір шықпас, Су түбінде тұншықпас Сөйлемейді, үндемейді. Пісірсе оны кім жемейді. (Балық) 2. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Қанаты бар ұшпайды, Су астында қыстайды. (Балық) Ой дамыту АҚТ технологиясымен жұмыс -Балықтар тек суда ғана тіршілік етеді, сондықтан олардың дене пішіні мекен ететін орны мен тіршілік жағдайларына байланысты алуан түрлі болып келеді. Балықтың пайдасы? -Балықтың мойынан қажетті бірнеше түрлі дәрумендер алынады.</p>	

<p>жатыр, енді осы аралға түсіп көрейік.</p> <p>Таңғажайып сәт Сандықша тауып алу. - Бұл неғызған сандықша екен, ішінде не бар, ашып көрейік. Қараңдар, балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың іші толы жұмбақтар жауабын тауып көреміз бе?</p> <p>Миға шабуыл Жұмбақты шешу: 1. Суда өседі, өнеді, Сыртқа шықса өледі. (балық) 2. Өзі алып кемедей, Дауылдан ықпайды. Су малып телегей, Мұхиттан шықпайды. (кит) 3. Асты тас, үсті тас, Ортасында жанды бас. (тасбақа) 4. Адамдардың досы, Сүйкімді де өзі. Балыққа өзі жатпайды, Бірақ сумен ойнайды. (дельфин) Қызығушылықты ояту. Бәріміз көзімізді жұмып, теңіздің түбіне түсіп, көз алдымызға теңіз түбін елестетіп көрейік. - Балалар, қараңдаршы, мынау қай теңіз жануары? - Ия, дельфиндер кейде тұмсығымен соғып, акуланы да өлтіріп қоятын кездері болады. Акуланың өзі де дельфиннен қорқатын сәттері жиі кездеседі. - Делфин туралы не білесіңдер?</p>	<p>Тәрбиеші. Балалар, Білмесбекке балықты тани білуге, басқа жануарлармен шатастырмауға үйретейік. Ой дамыту. Дид ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Балықтардың бөлігін тауып құрастыру. Міне, Білмесбек қарашы. Мына жерде қаншама балықтың суреттері шықты. Балалар, мұнда қандай балықтар бейнеленгенін айтайық. Оо, олар қандай әртүрлі. Тәрбиеші. Дұрыс, Білмесбек, балықтың бәрі әртүрлі екенін байқадың. Бірақ олардың барлығы қалай ұқсас? Барлығын ретімен айтайық. Біріншіден, денесінің пішіні туралы. Ой қозғау. Балықтардың дене пішіні қандай? Неліктен бұл пішін пайдалы? (Балалардың жауаптары). Тәрбиеші. Балықтың дене пішіні реттелген - жүзуге ыңғайлы. Балықтар немен тыныс алады? Неліктен балықтардың мұрны жоқ? Неліктен олар желбезекпен тыныс алады? Тәрбиеші. Балықтардың тыныс алу жүйесі мүлдем басқа, өйткені олар суда</p>	<p>бірнеше тапсырмаларды орындауымыз керек. 1- тапсырма: Дид ойын: «Не қайда тұрады?» Шарты: Балық бейнеленген суреттерге қарап, теңіз, өзен, аквариум, балалар суреттерді дұрыс орналастырып, өз мекеніне жапсыру керек. Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, тапсырманы орындадық, осы уақытта сіздердің көмектеріңізбен алтын балық аквариумға дұрыс жол тауып, өз үйіне қарай жүзіп келеді. - Бірақ балыққа өз үйіне кіргенше көмектесу үшін мына тапсырманы орындауымыз керек. Қазір біз ойын ойнаймыз, Дид ойын: «Балық туралы не білеміз» деп аталады. - Балықтар қайда мекендейді? (аквариумда, тоғанда, өзенде, көлде, теңізде) Балықтың денесі немен жабылған? (қабыршақпен) Балықтар суда қалай қозғалады? (қанаттар мен құйрықты пайдалану арқылы) Балықтар немен тыныс алады? (желбезекпен) Теңізде тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (теңіз балықтары)</p>	<p>АҚТ технологиясымен жұмыс. Аквариумдағы балықтарды бақылау. Қараңдаршы, балалар, біздің балықтар аквариумда қандай тез, тез жүзеді. Балалар, балыққа қараңдаршы, қандай ерекшелікті байқадыңдар? Балалар: Ол жүзеді, аузын үнемі ашып-жабады. Бұл неліктен болып жатыр деп ойлайсыз? Балалар: Оның қарны ашты ма? Дид ойын: «Балықты тамақтандырайық» Шарты: Ермексазды пайдаланып, балықтарға жем жасау. Біз балықты қоректендірдік, бірақ ештеңе өзгерген жоқ. Тамақтандырғаннан кейін ол қайтадан аузын ашады және жабады. Неге деп ойлайсыңдар? Балықтар да біз сияқты өмір сүру үшін тыныс алуы керек. Ол осылай дем алады. Ал балықтар немен және қалай тыныс алады, қалай ойлайсыңдар? Бұл сұраққа жауап беруге шағын тәжірибе көмектеседі. Мұқият қараймыз.</p>	<p>-Қабыршағынан інжу жасалады. -Мойынан ыстыққа төзімді бояулар дайындалады. -Акула терісінен егеу дайындалады. -Акула бауырынан дәрі жасалады. -Балықты қолдану арқылы бауыр ауруларының алдын алуға болады. Аквариумдағы балық күтімі. Аквариумды күн сайын ұқыпты түрде күту керек, Алдымен аквариумға су құямыз, сосын түбіне құм себеміз. Енді аквариум өсімдіктерін отырғызу. Саусағымызбен ұңгір қазып алып, оған өсімдіктің тамырын бекітеміз. Балықтарға ыңғайлы мекен қалыптастыру үшін, аквариумға балықтарды жібе-реміз. Күн сайын аквариумға назар салып қараған дұрыс. Балықтар теңселмей бірқалып-ты жүзеді, денесінде ешбір дақ болмайды. Тамақты таңертең және кешке берген дұрыс. Сергіту сәті: Әуенмен «Балықтар» биін билейді. Күтім түрлері Кезеңдік күтім: Аквариумдағы өсімдіктерді күтіп, суды ауыстырып отыру кезеңдік күтімге жатады.</p>
--	---	--	---	--

<p>- Дельфин эмоцияға толы көңілді, әзілкеш, топтасып өмір сүретін тіршілік иесі және өте ақылды, адамдардың досы.</p> <p>- Аккуланың түрлері өте көп. Барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, оның көру қабілеті жақсы жетілмеген, ал иіс сезу қабілеті өте жақсы.</p> <p>- Мынау теңізді мекендейтін қай жәндік?</p> <p>- Балалар сегізаяқ су астында баяу қозғалады. Бір қызығы сегізаяқтың аузын жоғары қаратып, қармалауыштарын төмен салбыратса, ол дереу ұйқыға батады.</p> <p>- Сегізаяқтар немен қоректенеді?</p> <p>- Балалар, сендер өздеріңе таныс жануарлар мен жәндіктерді танып, атын атадыңдар.</p> <p>- Су астында тағы да көптеген жәндіктер кездеседі</p> <p>- теңіз тасбақасы, теңіз аты, медуза, теңіз шаяны. Олар туралы келесі жолы танысамыз.</p> <p>- Ал, балалар, сендер шаршаған шығарсыңдар, бойларымызды сергітіп, жаттығу жасап алайық.</p> <p>Сергіту сәті: Балық жүзді таза суда, Бір керіліп, бір жиырылып. Жүзіп, жүзіп шаршағанда, Тығылады тасты құмға.</p> <p>Проблемалық сұрақ.</p>	<p>өмір сүреді және олар желбезек арқылы судан ауаны «таңдайды».</p> <p>Білмесбек: Неліктен балықтардың қанаттары бар?</p> <p>Тәрбиеші. Қанаттар балықтардың қайық ескектеріндей жүзуіне көмектеседі. Ал құйрық көліктің рулы сияқты бағытты сақтауға көмектеседі.</p> <p>Білмесбек: Мәссаған! Қалай қызықты! Балықта басқа жануарларда жоқ тағы не бар ?</p> <p>Тәрбиеші. Тіпті балықтың да барлық жануарлардан айырмашылығы бар.</p> <p>Жануарлар жүн бар, құстар да қауырсын бар, балықта қабыршақ бар.</p> <p>Балықтың денесі немен жабылған? Қабыршақпен.</p> <p>Тәрбиеші. Балалар, балықтардың бір-бірінен айырмашылығы неде? (Түсі, пішіні, өлшемі, әдеттері, тамақтануы.)</p> <p>Балықтар неліктен әртүрлі</p> <p>Деп ойлайсыңдар?</p> <p>Тәрбиеші. Дұрыс, бояу балықтарды жыртықшытардан жасыруға көмектеседі.</p> <p>АҚТ технол жұмыс Қараңдаршы, камбаланың теңіз түбіне қандай</p>	<p>Тұщы суда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (тұщы су)</p> <p>Аквариумда тіршілік ететін балықтар қалай аталады? (аквариум)</p> <p>Балықтың жануарлардан қандай айырмашылығы бар? (жерде қозғала алмайды, табандары жоқ)</p> <p>- Адамдар балықты қалай ұстайды? (торлар, қармақ)</p> <p>Балық аулайтын адамды қалай атайды? (балықшы)</p> <p>Тәрбиеші: сендер балық туралы көп білесіңдер, жақсы жұмыс жасадыңдар, алтын балық үйіне жақынырақ жүзіп кетті.</p> <p>Сергіту сәті. Музыкамен Тәрбиеші: Барлығы жылынып, демалды, ал енді балалар, сендерге тағы бір тапсырма бар.</p> <p>Дид ойын: «Суретті жина» Шарты: бөлінген суреттерді құрастыру керек.</p> <p>- Жарайсыңдар, барлығы орындады, алтын балық біздің көмегіміз үшін өте риза, бірақ біз саяхатымыздағы соңғы тапсырманы орындауымыз керек.</p> <p>Біз сендермен шағын тәжірибе жасаймыз.</p> <p>Дид ойын: «Алтын балық» Шарты: Бояулардың көмегімен ақ балықты «алтынға» айналдыру.</p>	 <p>Аквариумға компрессорды қосады. Қалай ойлайсыңдар, бұл судағы не көпіршіктер ? Бұл ауа көпіршіктері, құрамында оттегі бар, балық онымен тыныс алады. Балықтың тыныс алуына не көмектеседі? Балалар: Оның мұрны жоқ Мұрын қызметін басқа мүшелер атқарады.</p> <p>Ол суды жұтады екен, ал желбезектер (желбезектерді судан оттегін алады, содан кейін қалған су желбезек қақпақтары арқылы шығады (көрсету). Балық жазаға шығып қалса не болар еді? (Балалардың жауаптары)</p> <p>Дұрыс, ол өледі.</p> <p>Балықтар тек суда ғана өмір сүре алады.</p> <p>Дид ойын: «Балық сөзінің белгілерін теру» 1-нұсқа: әдемі, тамаша, епті, жылдам айла... 2-нұсқа: балық, балықшы, Балықшы деген кім? Дұрыс, бұл балық аулайтын адам.</p>	<p>Мерзімдік күтім: Көктем мен күзде жасалуы. Көктемде жарық бергіш құрал мен жылытқыш құралдың күшін төмендетіп, құралдарды жуып тазалап, ескі өсімдіктерді жоямыз.</p> <p>Ал күзде аквариумды қысқы тәртіпке ауыстырамыз.</p> <p>Балықтардың көбеюі: Балықтар уылдырық арқылы көбейеді. Уылдырықты көп шашатын балықтар –сазан, шортан, көксерке.</p> <p>Балықтарды тағам ретінде пайдалану жолдары: балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады</p> <p>Қортынды Сұрақ-жауап Балаларды мадақтау.</p>
---	---	--	--	--

<p>- Балалар, ластанған суда тіршілік болады ма? - Неге? - Сен қалай ойлайсың? - деп бірнеше балаларға сұрақ қояды. – Ал, олар сөйлей алса, бізге не айтады екен? - Суды ластамаңдаршы. - Суға қоқыс тастамаңдаршы - Машиналарды келіп судың жағасына жумаңдаршы. - Ау-қармақ дегенді бейберекет сала бермеңдерші. - Бізге жиі қамқор болыңдаршы - Табиғатты үнемі аялап күтіңіздерші. Жарайсыңдар балалар! Енді осы саяхаттан қандай әсер алдыңдар? -Тамаша ондай болса, кемеге отырып балалабақшаға қайтайық. Қортынды - Саяхатымыз ұнады ма? -Балықтар қайда мекендейді? -Балықтар неше топқа бөлінеді? -Балықтардың қандайпайдасы бар? Балаларды мадақтау.</p>	<p>ақылды тығылғанын, тіпті көре алмайсың. Ал түрлі-түсті маржан балықтары тропикалық теңіздердің маржандары мен балдырларында мүлдем көрінбейді. Балалар, барлық балықтар сусыз өмір сүре алмайды. Олардың тіршілік ету ортасы бірдей, тек тұщы суда тіршілік ететін өзен балықтары мен тұзды теңіз суында тіршілік ететін теңіз балықтары ғана ерекшеленеді. Білмесбек: Енді мен балықты ешқашан шатастырмаймын. Енді «Балық аулау» ойынын ойнайық. Шарты: Ойыншылар екі топқа бөлінеді, бір-біріне қарсы тұрады. Бір тобы – балықшылар (олардың саны азырақ), екіншісі – балық. Алдымен олар әңгімелеседі. Балық. Сіз не тоқисыз? Балықшылар. Ау. Балық. Сіз не ұстайсыз? Балықшылар. Балық. Балық. Қандай балық? Балықшылар. Шортан. Балық. Ұстаңыз! Балықшылар балықты қуып жүр. Ойын қайталанады, бірақ әр жолы жаңа балық шақырылады. Шығармашылық бұрыш</p>	<p>Практикалық жұмыс. Балалар сызбалары бар парақтарды түсті суға түсіреді, педагог балалардың мұқият жұмыс істеуі үшін бақылайды. Қажет болған жағдайда жеке көмек көрсету. Тәрбиеші: бүгін біз жақсы жұмыс жасап, алтын балыққа көмектестік. Көмегіміз үшін рақмет айтты. Алтын балық қарны ашқан секілді, оған жем жасап беріп қуантайық. Дид ойын: «Балықты жемдейміз» Шарты: Ермексаздан әр түрлі түсті жем жасау. Қортынды -Бізге неден хат келді? -Алтын балық үшін не істеу керек еді? балаларды мадақтау,</p>	<p>«Балық» деп қашан айта аламыз? Дұрыс, балық сорпасы. Ал олар немен балық аулайды? Иә, қармақпен, тормен. Сергіту сәті: Музыкамен. Ал енді біз балықшылармыз деп елестетейік (қозғалыстарға еліктеу) Балықтар жүзіп жүр (қолдарын дене бойымен төмен түсіріп, шеңбер бойымен шағын қадамдармен қозғалады, тек алақандарын алға-артқа жылжытады) Олар желбезектерін бір-бірінен қатайтады. солға, оңға бұрылыңыз, ал енді керісінше. Дид ойын: «Балық аулау» Шарты: Ойынға әр балықшыға 10 балық, 2 шелек, арқанның ұшында ілгегі бар 2 қармақ қажет. Әр командадан бір қатысушы шақырылады. Балықты аулау, шелекке салу. Кім көп ұстаса, сол жеңеді. Ой дамыту. Енді маған келіп, үстелде не бар екенін қараңдар. Үстел үстінде балықтардың суреттері бар. Біз оларды мекендеу орындарына қарай бөлейік. Ол үшін кім қай балықты таңдағысы</p>	
--	--	--	---	--

		<p>Білмесбекке балықтар жасап берейік.</p> <p>Топқа бөлінеміз</p> <p>1-топ: Сазан тобы. Сазан балықты бояу.</p> <p>2-топ: Шортан. Шортан балықты мүсіндеу.</p> <p>3-топ: Дельфин тобы. Дельфинді суға жапсыру. Білмесбек қуанып рақмет айтып қоштасады.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы: «Көліктер»</p> <p>II. Ой қозғау.</p> <p>Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс айларын атайықшы? Қыс мезгілінде күн қандай болады? Жарайсыңдар балалар, күн суық, ал сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер? Көлік дегеніміз не? Көліктің қандай түрлері бар? Көліктерге не жатады? Көліктердің қандай пайдасы бар?</p> <p>III. Миға шабуыл</p> <p>1. Құс сияқты құс емес, Жүрседе тым биікте. Қақпайды бір қанатын,</p>		<p>келетініне байланысты үш топқа бөлінеді. Қандай балық суреттерін таңдадыңыз? Оларды атау. 1 топ. Теңізде өмір сүретін балықты таңдаған Олар не теңізші. 2 топ Тұщы суда өмір сүретін балықты таңдады. Олар не тұщы су. 3-топ Аквариумда өмір сүретін балықтарды таңдады. Олар аквариумдар. Балалар, мен сендерге дайындаған мына балықтарды өз мекеніне жапсыру керек. Бақылау. Дид ойын: «Жақсы – жаман» ойыны (ТРИЗ)</p> <p>Шарты: Жақсылап ойланып, балықтың несі жақсы, несі жаман екенін айту керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Балықты жеген дұрыс. -Аквариум балықтарын тамашалау жақсы. -Балық аулау балықшыларға рахат әкеледі. - Балық майы өте пайдалы. -Аквариумдағы суды жиі ауыстыруға тура келеді. - Балықтың иісі жағымды емес. 	
--	--	--	--	--	--

		<p><i>Жүрсede тым биікте . (Ұшақ)</i></p> <p><i>2. Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (Қайық)</i></p> <p><i>3. Жүргізуші жүргізеді, Төрт аяқты батырды (Жеңіл көлік)</i></p> <p><i>Балаларды мадақтау. Сергіту сәті:</i></p> <p><i>Сары,қызыл, жасыл шам, Жол бойында жанады. Жүргізуші ағалар, Оңға ,солға қарады. Бағыт берген бағдаршам. Түзу жолды табады.</i></p> <p>Ой дамыту.</p> <p>Суретпен жұмыс.</p> <p>«Көңілді көліктер»</p> <p><i>Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:</i></p> <p><i>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық Темір жол көліктері – Поезд</i></p> <p><i>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.</i></p> <p>Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.</p> <p>1-топ. Жүк көлігін құрастыру.</p> <p>2-топ. Поезд құрастыру</p> <p>3-топ, Ұшақ құрастыру</p> <p>4-топ. Кеме құрастыру.</p> <p><i>Сипаттама беру.</i></p>		<p><i>- Балықтың сүйектері көп, тамақ ішкенде сүйекті жұтуға болмайды. -Балық қымбат. Ой қозғау. Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз балықтар туралы көп әңгімелестік, олардың қалай және немен тыныс алатынын білдік. Ал енді сізге ең ұнайтын балықтың сәнін салайық. Дид ойын: «Балықты әсемде» Шарты: Дененің пішініне, құйрығына, қанаттарына назар аудару. Олар бір- бірінен мүлде ерекшеленеді және біз мұны өз жұмысыңызда көрсетуіміз керекпіз. Қортынды: Достарыңа балық туралы қандай жаңа және қызықты нәрселер айта аласыңдар? Балаларды мадақтау.</i></p>	
--	--	--	--	---	--

		<i>Балаларды мадақтау.</i>			
Серуенге дайындық	<i>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</i>				
	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>	<i>Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.</i>	<i>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>
Серуен	<i>Картотека № 16 Қарғаны бақылау.</i>	<i>Картотека № 17 Адамдардың қысқы киімін бақылау.</i>	<i>Картотека № 18 Мұздақты бақылау.</i>	<i>Картотека № 19 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.</i>	<i>Картотека № 20 Боранды бақылау.</i>
	<i>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан</i>				
Серуеннен оралу	<i>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</i>				
	<i>Киімдерін шешу: Киімдерін тәртіппен шешіп, сөресіне жинау. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жуып, сұрту. Гигиеналық шаралар: Жуынғанда сабынды дұрыс қолдануды үйрету. Түскі асқа дайындық: Қолдарын жуып болған соң асханаға дайындалу.</i>	<i>Киімдерін шешу: Балаларды киімдерін ұқыптап шешуге, орындарына қоюға баулу. Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жууға дағдыландыру. Гигиеналық шаралар: Сумен ойнамай, сабынды артық қолданбау. Түскі асқа дайындық: Таза қолмен ас ішуді еске салу.</i>	<i>Киімдерін шешу: Киімдерін ретімен шешіп, шкафқа жинақтап қою. Тазалық процедуралары: Қолдарын жақсылап сабындап жуу. Гигиеналық шаралар: Жуыну кезінде суды төкпеуге үйрету. Түскі асқа дайындық: Балаларды орындарына отырғызу.</i>	<i>Киімдерін шешу: Әр бала киімін шешкен соң бүктеп, орнына қоюға үйрету. Тазалық процедуралары: Қолдарын екі рет сабындап жууға баулу. Гигиеналық шаралар: Сумен ойнамауды қадағалау. Түскі асқа дайындық: Ас ішер алдында қолдарын тазалау.</i>	<i>Киімдерін шешу: Балалар киімдерін ретімен шешіп, сөрелерін таза ұстауға дағдыланады. Тазалық процедуралары: Қолдарын жуған соң сүлгісін орнына қою. Гигиеналық шаралар: Жуыну кезінде тыныш болу. Түскі асқа дайындық: Ас алдында қолдарын жууын еске салу.</i>
Түскі ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</i>				
	<i>Әңгіме: – Су – бізге қажет. Су болмаса, өсімдік те, адам да өмір сүре алмайды. Сондықтан суды үнемдеу керек. Қауіпсіздік: – Су шашпаймыз, еденді былғамаймыз.</i>	<i>Әңгіме: – Дастарқандағы әр тағам – еңбек жемісі. Оны қадірлеп, төкпей жсеуіміз керек. Қауіпсіздік: – Ас үстінде ойнамаймыз, тыныш отырамыз.</i>	<i>Әңгіме: – Алма, алмұрт, жүзім – дәруменге бай. Жемістерді жесек, денеміз қуатты болады. Қауіпсіздік: – Жемістерді шағып емес, шайнап жейміз.</i>	<i>Әңгіме: – Ас ішіп отырғанда тәртіпті болу – мәдениеттілік. Әдепті бала – барлығына үлгі. Қауіпсіздік: – Дастарқан басында шуламаймыз, ыдысты төкпейміз.</i>	<i>Әңгіме: – Асымызды қалдырмай, тауысып жсеу – еңбекті бағалау. Артық алып қалдырсақ, ол ысырап болады. Қауіпсіздік: – Ас ішкенде асықпай шайнаймыз.</i>

Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.	Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау	Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p>№3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз – «қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабакты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.</p>	<p>№5 "Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" –қолды шапалақтау</p>	<p>№6. арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау</p>	<p>№7 «Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады. басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді. «Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады</p>	<p>№10 Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым! (құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)</p>
<p><i>Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.</i> <i>«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.</i> Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</p>					
Бесін ас	<p><i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.</i></p>				
	<p>Әңгіме: – Сусыз өмір жоқ. Бетімізді, қолымызды жуған кезде суды тек қажетіне қарай пайдалануымыз керек. Суды босқа ағызу – ысырап. Үнемді бала табиғатты да қорғайды. Қауіпсіздік: – Жуыну кезінде еденге суды шайпаймыз, абайлап қозғалуымыз керек. Ылғал жерде абайсыз жүрсек – құлап қалуымыз мүмкін.</p>	<p>Әңгіме: – Әр түйір ас – бағалы. Дастарқан үстінде ойнамаймыз, шуламаймыз. Тамақты төкпей-шайпай, тауысып жеу – еңбекті бағалау. Қауіпсіздік: – Қасық пен шанышқыны абайлап ұстаймыз, оларды бір-бірімізге бағыттамаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Балалар, суды босқа ағызбайық. Қол, бет жуған кезде кранды ашып қоймай, қажетті мөлшерде ғана қолдану керек. Ас үстінде де асты төкпей-шайпай жеу – үнемділіктің белгісі. Қауіпсіздік: – Ас ішкенде орнымыздан тұрмаймыз, асықпай шайнаймыз. Жүгірмесек – қауіпсіз боламыз.</p>	<p>Әңгіме: – Әрбір тағам – үлкендердің маңдай терімен келген ризық. Сондықтан нанды жерге тастамауымыз керек, тамақты ысырап етпей, мөлшермен ғана алуымыз қажет. Қауіпсіздік: – Ас ішкенде ауыз толған кезде сөйлемейміз, асықпай шайнаймыз. Бұл тамақтың жақсы қортылуына және</p>	<p>Әңгіме: – Үнемділік тек тамақта емес, барлық ісімізде көрінеді. Бізге берілген суды, жарықты, тамақты дұрыс пайдалансақ – тәртіпті, әдепті бала боламыз. Қауіпсіздік: – Ас үстінде жан-жағымызға алаңдамаймыз, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Ас ішіп болған соң «Рахмет» айтуды ұмытпаймыз</p>

				қауіпсіздікке пайдалы	
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша әдептілік, мейрімділік тәрбиесі аясында</p> <p>1 – жағдай. Екі бала жасырынбақ ойнап жүрді. Бірі ағаш артына тығылмақ болып жүргігенде құлап, аяғын жарақаттап алды. Екіншісі оған тұруына көмектесіп, былай деді: Сен жылама, үлкенсің ғой, қазір сенің аяғыңды байлап береміз т.б. жұбату сөздері. Сұрақ: Мысалы, Арсен дұрыс жасады ма? Сен қалай ойлайсың? Неге? т.б. Балалар бір-біріне жұбату сөздерін айтады. Мысалы, Дана қолын есікке қыстырып алды, сен қалай жұбатасың, Назерке көйлегін жыртып алды. Қалай жұбатар едің? т.с.с. 2 – жағдай. Әже ауырып жатыр. Ернар теледидардың даусын қатты шығарып, күліп отыр. Ернардікі дұрыс па? Неге? т.с.с. сұрақтар қою, жауап алу.</p>	<p>Логикалық тапсырмалар. Жапырағы жайқалған орманда аңдар өмір сүріпті. Олар: аю, түлкі, тиін (бетперделерін кигіземін). Өздері сондай шыдамсыз, бір орында отыра алмайды екен. Жан-жағын шашып, саңырауқұлақтарды құлатып, гүлдерді басып, жұлып тастайды екен (балалар көріністі көрсетеді). Бір күні орманда қызықты оқиға болыпты. Әдептілік еліне ұшып бара жатқан Сыпайылық ханшайымының қолшатыры сынып, орманға қонуға тура келіпті (Ханшайым келеді). Ханшайым: Менің қолшатырыма не болды, мен қайда тап болдым. Мынау әдепсіздер орманы емес пе? Саңырауқұлақтар жұлынған, гүлдер тапталған. Әдепсіз, тентек аңдар тұратын болды ғой. Осылай жалғаса беретін болса, онда ормандағы бүкіл өсімдік: ағаш, саңырауқұлақ, гүлдер құрып кетеді. Ханшайым: (ойланады) Сиқырлы таяғыммен</p>	<p>Сұрақ - жауап. Тәрбиеші: Балалар ертеде сыпайылық елінде Бақтияр деген бала болыпты. Оның достары көп екен. Бәрінен қоян мен кірпіні жақсы көреді екен. Бір күні Бақтияр далаға шықса, екеуі ренжісіп отыр екен. (Қоян мен Кірпі отырады). Бақтияр: Екеуіңе не болған, ренжісіп қалдыңдар ма? Қоян: Мен кірпімен дос болмаймын. Ол әдепсіз. Мен оған сәлем, достым десем, жауап бермейді. Кірпі: Сол сөзді жүз рет айтасың, сені кеше ғана көрдім ғой. Бақтияр: Кірпі, оның не, қоян досым ауырып қалсын дейсің бе? Кірпі: Жоқ, мен ауырып қалғанын қалаламаймын. Бақтияр: Сәлеметсіз бе, деген сөз денің сау ма, ауырып қалма деген сөз емес пе? Қоян: Сен өзің ғой, мені қыли деп мазақтай бересің. Кірпі: Сен өзің менің атымды атамай, әй, сен деп айқайлайсың. Бақтияр: Ой, жайларың белгілі болды достар бір-біріңді сыйлап, құрметтеу керек. Қоян: Кірпі, кешір досым.</p>	<p>«Ұқыпты қыз» әңгімесін оқып беру. Анар деген кішкентай қыз өте ұқыпты болыпты. Ол даладан ойнап үйге кірген бетте, қолын сабынмен жуып, киімдерін ауыстырады екен. Бірде анасы үйді ретке келтірейін деп Анардың бөлмесіне кірсе, ол киімдерін бүктеп, кітаптарын ретке келтіріп, сөрелерге өзі әдемілеп жинап қойыпты. Ойыншықтарды да өз орнында. Анасы қызының есейгенін байқап, ұқыптылығына риза болдады. Сұрақ қою. -Анарды қандай қыз деп айтуымызға болады? -Анасы Анарға неліктен риза болды? Ойын. «Жақсы мен жаман» Допты алған бала жақсы немесе жаман әдеттерді айту керек. Мысалы: • Жаман - ойыншықты жинамау. • Жақсы - ойыншықты жинау Қортынды Сұрақ- жауап. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Ой қозғау: -Жыл мезгілдеріне саяхат. -Сюжетті суреттермен жұмыс. -Бір жылда неше мезгіл бар? Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата? -Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды? -Қазір қай мезгіл? Ой дамыту. -Табиғат туралы түсінік беру. (жер, су, ауа, өсімдіктер, құстар, жануарлар т.б.) -Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру. Тренинг ойын -Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару. -Елестету. (көзді жұму) 4 жыл мезгілі. Ой толғанис. Сұрақ – жауап. -Айналамызды қоршап, жайқалып өскен ағаштар не үшін керек? Табиғат байлықтарына нелер жатады? -Оны қорғау деген не? -Табиғатты сүйе білу деген не?</p>

		<p>сыпайылық елінен достарымды шақырайын (кетеді).</p> <p>Миға шабуыл. Балалардың көмегі. Не істеді және не деді деп ойлайсыңдар?</p>	<p>Кірні: Сен де мені кешір. Татуласайық қоян досым Татуласу. Әкел, досым қолыңды Татуласқан орынды Өкпелесіп не таптық Көрсет, кәне соныңды Баққа бірге кірейік Қол ұстасып жүрейік Татулықтың белгісі Кел, қосылып</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тақырыбы: «Жақсы – жаман қылық» Мақсаты: Мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Шарты: Тәрбиеші жағдаят айтады («Досымды итердім», «Досыма көмектестім»). Бала «Жақсы» немесе «Жаман» деп жауап береді.</p>	<p>Тақырыбы: «Қайда жасырынды?» Мақсаты: Баланың зейінін, есте сақтауын дамыту. Шарты: Бір ойыншықты үстелдің астына не артқа жасырып қояды. «Қайда жасырынды?» деп сұрайды.</p>	<p>Тақырыбы: «Жақсы іс ойлап тап» Мақсаты: Қиялды, әлеуметтік дағдыларды дамыту. Шарты: Тәрбиеші сұрайды: «Егер досың жыласа, не істейсің?». Бала өз ойымен бөліседі.</p>	<p>Тақырыбы: «Суретті аяқта» Мақсаты: Шығармашылық қабілетін дамыту. Шарты: Жартылай салынған сурет беріледі (мысалы, тек дөңгелек). Бала оны күн, доп, алма етіп толықтырады.</p>	<p>Тақырыбы: «Түстерді тап» Мақсаты: Танымдық қабілетін дамыту. Шарты: Тәрбиеші: «Маған қызыл түсті ойыншықты көрсет» дейді. Бала дұрыс түсті табуы тиіс.</p>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан					
Серуенге дайындық	«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.				
	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру.</p>	<p>Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>	<p>Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>
Серуен	Картотека № 16 Қарғаны бақылау.	Картотека № 17 Адамдардың қысқы киімін бақылау.	Картотека № 18 Мұздақты бақылау.	Картотека № 19 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.	Картотека № 20 Боранды бақылау.

Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Таңғы серуенді бекіту.

Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.

Балалардың
үйге қайтуы

*Бүгін балалар құлақ арқылы дыбысты қайдан шыққанын тапты.
Тыңдау қабілетін дамытты.
Үйде қоңырау немесе затпен дыбыс шығарып, «қайдан естідің?» ойынын ойнаңыз.*

*Бүгін балалар қолдарын бояуға малып, із қалдырды.
Шығармашылық қабілеттерін көрсетті.
Үйде саусақпен сурет салуға жағдай жасаңыз.*

*Бүгін балалар әртүрлі киімдерді киіп, «сән көрсетілімін» ойнады.
Өзін сенімді ұстауға талпынды.
Үйде «киім таңдау» ойынын ойнасаңыздар қызық болады.*

*Бүгін балалар жануарлардың қозғалысын салып көрсетті.
Қимыл-қозғалысын дамытты.
Үйде «мысық сияқты жүр», «құстай ұш» ойынын ойнауға болады.*

*Бүгін балалар үстел үстінде түрлі заттарды салыстырды (ауыр-жеңіл).
Салыстыру дағдысын дамытты.
Үйде қасық, ойыншық арқылы «қайсысы ауыр?» деп сұраңыз.*

Тексерілді:

Балабақша әдіскері: *А.Ж.* Оспанова Ұ. Ж.
«16» 02 2026 жыл

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ
Топ: «Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Қандай кезеңге жасалды : 16.02 – 20.02.2026ж
Құндылық: «Жасампаздық пен жаңашылдық» / ақпан айы
Апта дәйексөзі: «Бүгінгі ой - ертенгі жаңалық»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Күй күмбірі – ұлттық өнерді қадірлеуді үйрету.</i> <i>Баланы сабырлы үнмен қарсы алу. «Сәлеметсің бе?» деп жауап беруге бағыттау. Ойын бұрышына шақыру. Баланың мінез-құлқын бақылау.</i>	<i>Күй күмбірі – әдеп пен сыйластыққа тәрбиелеу.</i> <i>Баланы есімімен шақырып қарсы алу. Достарына қол бұлғауға үйрету. Сурет салуға немесе бояуға бағыттау.</i>	<i>Күй әуені - рухани байлыққа жетелеу.</i> <i>Баланы жылы жүзбен қарсы алу. Киімін шешуге бағыт беру Қуыршақ бұрышына бағыттау. Достарымен ойынға тарту.</i>	<i>Күй күмбірі – достық пен татулыққа тәрбиелеу.</i> <i>Баланы жылы жүзбен қарсы алу. Киімін шешуге бағыт беру Қуыршақ бұрышына бағыттау. Достарымен ойынға тарту.</i>	<i>Күй күмбірі – елін сүйген ер болуға тәрбиелеу</i> <i>Баланы есімімен атап қарсы алу. Жылы сөзбен қолдау көрсету. Үстел үсті қарапайым ойындарға бағыттау.</i>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, мінез –құлқы туралы кеңес беру.</i>				
	<i>Әңгіме: Ынтымақ – достық пен бірліктің кепілі. Ынтымақ бар жерде татулық болады. Кеңес: Балаңызды достарымен тату ойнауға, ренжіспеуге үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Қанағатшылдық – бақыттың бастауы. Қанағатшыл бала қолындағы барға шүкір етеді. Кеңес: Балаңызды бар нәрсеге қанағат етуге, артық сұрамауға үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Арман – баланың болашағына жетелейтін күші. Армандаған бала мақсатына жетеді. Кеңес: Балаңызды өз армандарымен бөлісуге, сурет салып көрсетуге үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Арман – баланың болашағына жетелейтін күші. Армандаған бала мақсатына жетеді. Кеңес: Балаңызды өз армандарымен бөлісуге, сурет салып көрсетуге үйретіңіз.</i>	<i>Әңгіме: Қамқорлық – сүйіспеншіліктің белгісі. Қамқор бала айналасына жанашыр болады. Кеңес: Балаңызды жануарларды аялауға, досына қамқорлық жасауға үйретіңіз.</i>
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығарма	<i>Картотека №3 «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын</i>	<i>Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ажырат» Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары</i>	<i>Картотека №10 Жер,су,ауа Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге,</i>	<i>Картотека № 13 «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған</i>	<i>Картотека №-19 «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту,</i>

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.	жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады.	жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.	жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.	суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.
<i>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында -Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған ойындар7</i>					
Ертеңгілік жаттығу	Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.	Ақпан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.
<i>Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i>					
Таңғы ас	<i>Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру. Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.</i>				
	<p>Әңгіме: – Дастарқандағы асқа «Рахмет» десек, ол бізді тәрбиелі әрі сыпайы етеді.</p> <p>Психологиялық тәрбие: – Алғыс айту балаға ризашылық пен мейірімділік әдетін қалыптастырады.</p> <p>Қауіпсіздік: – Ас ішіп болған соң ыдысты абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішіп болған соң «Рахмет» деу – әдептіліктің белгісі. Бұл бізді сыпайы етеді.</p> <p>Психологиялық тәрбие: – Алғыс айтқан бала жүрегінде ризашылықты қалыптастырады.</p> <p>Қауіпсіздік: – Ас ішіп болған соң ыдысты үстелге абайлап қоямыз, сындырып алмау үшін.</p>	<p>Әңгіме: – Жемістер мен көкөністер бізге қуат береді. Сүт өнімдері мен ет те дәруменге толы. Оларды жесек, сергек жүреміз.</p> <p>Психологиялық тәрбие: – Сергек бала ойнағанда да, үйренгенде де көңілді болады.</p> <p>Қауіпсіздік: – Жемісті асықпай, жақсылап шайнап жейміз.</p>	<p>Әңгіме: – Нанда да дәрумен бар. Бір түйірін де жерге тастамайық.</p> <p>Психологиялық тәрбие: – Қадірлей білетін бала үлкенге де, кішіге де құрметпен қарайды.</p> <p>Қауіпсіздік: – Нанның үгіндісін жерге тастамаймыз, дастарқанды былғамаймыз.</p>	<p>Әңгіме: – Ас ішкенде досымызға кедергі жасамай, оған үлгі болайық. Қамқорлық – достықты нығайтады.</p> <p>Психологиялық тәрбие: – Қамқор бала мейірімді, жүрегі кең болады.</p> <p>Қауіпсіздік: – Қолымыздағы қасықты сермемейміз, басқаларға тигізбей ұстаймыз.</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)</p>	<p>«Қамқор» жобасы Ойын: «Достық көпірі» Балалар екі-екіден қол ұстасып көпір жасайды. Басқалары сол көпірдің астынан өтеді: «Мен саған қамқормын!» дейді. Мақсаты: достық пен бірлікті нығайту.</p>	<p>«Шабьт» жобасы Ойын: «Өз әуеніңді шығар» Балалар кезекпен қолын шапалақтап, ырғақ шығарады. Басқалары қайталайды. Мақсаты: шығармашылықты дамыту, өзін еркін көрсету.</p>	<p>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы Ойын: «Кімге көмектесеміз?» Тәрбиеші сурет көрсетеді: ауыр сөмке көтеріп келе жатқан әже. «Қане, қалай көмектесеміз?» Балалар: «Сөмкесін көтереміз», «Жолдан өткіземіз». Мақсаты: еңбек пен көмектің маңызын түсіндіру.</p>	<p>«Ұиқыр ой алаңы» жобасы Ойын: «Жалғастырып айт» Тәрбиеші бастайды: «Күн жылы болса...» Балалар: «Ойнаймыз», «Жүгіреміз». Мағынасы: қиялды дамыту.</p>	<p>«Балалар кітапханасы» жобасы Ойын: «Суреттегі ертегі» Тәрбиеші ертегіден сурет көрсетеді. Балалар: «Бұл – Қызыл телпек», «Бұл – Бауырсақ» деп атайды. Мағынасы: кейіпкерді тану, сөздік қорды дамыту.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҰІӨ</p>	<p>Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйғ.</p>				
<p>Тосын сәт. Хатшы хат пен қорапша әкеледі. Хатты оқу. Балалар бұл хатта тапсырмалар бар екен. Сол тапсырмаларды орындасақ мына қорап ашылады екен. Қорапта не бар екен? Қәне онда тапсырмаларды орындайық. Менің сүйікті бұрышым Суреттер сөйлейді. Балалар тапсыраны орындау үшін топқа бөлінейік. 1-топ. Аққала тобы 2- топ Ақшақар тобы. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Суретке қарап қыс мезгілі туралы әңгіме құраңдар? 2- топ Ақшақар тобына тапсырма. Қысқы еңбек туралы суретке әңгіме құраңдар Балаларды мадақтау.</p>	<p>Таңғажайып сәт. Қар Ханшайымының сәлемдемесі. Сиқырлы сандықша. Жұмбақ жасыру. Жұмбақтың шешуі арқылы Сандықшаның ашылуы Тапсырмаларды орындау. Ой дамыту 1 тапсырма Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мнемо кестемен жұмыс Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі. Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады? - Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады. Қыс мезгілінде қалай киінеміз? - Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз. Сөздік жұмыс жүргізу. 2 тапсырма.</p>	<p>« Қысқы ойын-сауық » тақырыбына сюжеттік суреттер сериясын көрсету. Тәрбиеші : 1. Мына суреттегі кім? Олар не істеп жатыр? 2. Балалар құстарды немен тамақтандырады? 3. Қоректендіргішке қандай құстар ұшып келді (сауысқан, қарға, торғай) 4. Басқа балалар не істеп жатыр? 5. Шанамен кім айналысады? Олар қайда мінеді? 6. Шаңғымен кім айналысады? Олар қайда мінеді? 7. Басқа балалар не істеп жатыр? 8. Серуен кезінде балалардың көңіл-күйі қандай? 9. Қалай ойлайсыңдар, балалармен серуен қалай аяқталады?</p>	<p>Ой қозғау. Қысқы ойын-сауық туралы әңгімелесу. Балалар, қыс - жылдың тамаша мезгілі. Осы тамаша мезгілмен біз келер жылға дейін қоитасамыз. Қыс өте көңілді болғандықтан үйге кіргіміз келмейді. Ал біз қыста далада қандай қызықты нәрселер жасаймыз. Шаңғы тебуге, коньки тебуге, хоккей ойнауға, қардан бекіністер салуға, қардан адам жасауға, қар лақтыруға болады. Қыста қандай табиғат құбылыстары болады ? (Аяз, аяз, қарлы боран, боран, қар жауады, суық). Жел қандай? (Күшті, жылдам, суық, екпінді, аязды). Қыста суда не болады? (олар мұзбен жабылған)</p>	<p>Ой дамыту. Б.Жақып «Сырғанақ» -Өлең жолдарын мәнерлеп оқу. -Өлең мазмұнын ашу. -Жаттауға үйрету. Біз тебеміз сырғанақ Таудан төмен сырғанап Бір шанада екеуміз Құламайды екенбіз..... Дид ойын: «Мені жалға» Мен сендерге бір сөзді айтып, қар кесегін лақтырамын, ал сендер оны маған қайта лақтырып , бұл сөзді басқаша атайсыңдар, Мысалы: қыс - аппақ, Аяз - суық Қар - қалың Мұз – сырғанақ шана- зулайды тон - қалың Жарайсыңдар Дид ойын: «Жақсы» - «Жаман» тапсырмасы . Екі командаға бөлінеміз. Сіздің ойыңызша қыс жақсы ма,</p>	

<p>2- тапсырма. Миға шабул. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Қай топ бірінші жұмбақты шешеді?</p> <p>1. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. (қар)</p> <p>2. Тісі жоқ, тістеп алады. Қолы жоқ, сурет салады. (аяз)</p> <p>3. Мені қардан жасапты, Ойланып көр Қолым-таяқ, Мұрным-сәбіз, Көзім-көмір. (аққала)</p> <p>4. Қырға сүйреп шығам, Ойғы мініп түсем. (шана)</p> <p>5. Өзі судан жаралған, Бірақ судан қорқады. (мұз)</p> <p>6. Су да, мұз бар, Жер де, қар бар. Боран басып соғады. Бұл қай кезде болады? (қыс) Екі топты мадақтау.</p> <p>Сергіту сәті: Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</p> <p>3-тапсырма Сұрақтар ілмегі. 1-топ Аққала тобына тапсырма. Воскобович әдісін қолдана отырып, қысқы ағаштарды құрастыру құрастыру. Ағашқа қиылған қар ұлпаларын жапсыру.</p>	<p>Дид ойын: «Кім жылдам?» Қысқы киімдерді құрастыру. Сергіту сәті. «Боран» дауыс Балалар ненің дауысын естіп тұрсыңдар? Боранның. Боранды қимылмен көрсетеміз (қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гүлдейді.) Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып, аяқтарын топылдайды). -Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды). қайталау.</p> <p>3 тапсырма. Ой қозғау Сұрақ- жауап. Қардың артынан тапсырма орындау. -Қоян қыста қандай түске енеді? -Неліктен? Аю қыста не істейді? -Неге? Түлкі мен қасқыр не істейді? Қоян қыста ақ түске киімін ауыстырады, өйткені ол киім оны қыста жауларынан қорғануға көмектеседі. Қасқыр орманда, тауда тұрады, ет жегенді ұнатады. Аю ұйықтайды, ол бал жейді. Қу түлкі, тышқан, құс аулайды.</p>	<p>10. Қар туралы не деуге болады? (жұмсақ, ылғалды, суық, қытырлақ.) Сергіту сәті: Қыс қызығы. Музыкамен. Қысқы ойын түрлері. Қыста ойынға шығу үшін қалай киінеміз? Егер қалың киінбесек не болады? Дид ойын: «Кім жылдам?» Қысқы киімдерді құрастыру.</p> <p>1-ойын түрі. Дид ойын: «Қар адам» Балалар қардан емес, қағаздан қар жасайық. Үстелде қағаз парақтары бар, онда дөңгелек пішіндер таратылған.. Пішіндерді ретімен қойып жапсырамыз, енді біз жарма ұнтағын, желіммен жағылған дайындаманың бетіне мұқият құйамыз. Міне қыста осылай қармен аққала жасап ойнауға болады.</p> <p>2-ойын түрі: Дид ойын: «Шанамен сырганаймыз» Шарты: Әр түрлі түсте қиылған геометриялық пішіндерден шана құрастыру. Шанаға жіп тақсақ сүйреп жүруге ыңғайлы болады. Дид ойын: «Шанаға жіп» Шарты: ермексаздан созу, есу арқылы шанаға жіп салу.</p> <p>Талдау.</p>	<p>Тек қыста не болады? (Қар). Қар қандай? (Жеңіл, жарқыраған, ақ, суық, үлпілдек, бос). Жарайсыңдар! Қызығушылықты ояту. Біз бүгін Нағыз галым ретінде зерттеу жұмыстарымен айналысатын боламыз. Ендеше біз бүгін бірнеше тәжірибелер жасап, қардың қасиеттерін анықтаймыз</p> <p>Ой дамыту. Қар дегеніміз не ? Қар – жерге түсетін жауын-шашын түрі. Ол кішкентай мұз кристалдарынан тұрады. Қар , жаңбыр сияқты, бұлттан жауады. Су буы жер бетінен өте жоғары көтеріледі. Кристалл үнемі өсіп, ақырында әдемі жұлдызға айналады. Қарды тамашалай отырып, біз қар бұршіктерінің пішіні ауа райына байланысты өзгеретініне назар аударамыз.</p> <p>Тәжірибе №1 «Қар қасиеті» - Біздің үстелде, стақанда бір кесек қар жатыр . Алдымен алақаныңызға қараңыз, олар қаншалықты құрғақ?</p>	<p>жаман ба? Бірінші топ маған қыстың неге жаман екенін , ал екінші топ қыстың жақсы екенін дәлелдейді. Қажетті суреттерді таңдап, оларды өз орнына орналастыру. Жарайсыңдар! Топтық жұмыс. Дид ойын: «Қысқы пейжаз» Шарты: Қиылған суреттерден қыс көрінісін құрастыру Дид ойын: «Қар ұшқындары» - Екі қар ұшқынын аламыз - кішкентай және үлкен. Олардың өлшемдері әртүрлі ме, әлде бірдей ме? Үлкен қар ұшқынын көрсету «Бұл қандай қар ұшқыны? Кіші ме, үлкен бе?» Балалар: үлкен Мынау қандай қар ұшқыны?» кішкентай! Ал енді үлкен бұлтқа үлкен қар түйіршіктерін, кішкентай бұлтқа кішкентай қар түйіршіктерін жапсырайық. Дид ойын: «Қар қиыршықтары» Дайын қар формасын көк қағазға майшаммен трафарет ішінен бояу. Үстінен ақ бояумен бояу. Қортынды Сұрақ –жауап</p>
--	--	--	---	--

	<p>2- топ Ақшақар тобына тапсырма: Дәстүрден тыс сурет салу әдісі арқылы капуста қабығын пайдаланып, қысқы ағаш келбетін салу. (сурет) Ағаш қасына ермексаздан аққала мүсіндеу. (мүсіндеу)</p> <p>4-тапсырма Қыс мезгілі туралы тақпақ Жауды, міне қар аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды, Тегістепті оларды. Екі топты мадақтау.</p> <p>Қорытынды. Балалар, жарайыңдар екі топта тапсырманы орындадыңдар! Енді сиқырлы қорапты ашып қарайық. Қорап ішінен тәтті кәмпит шығады. Балаларға тәтті кәмпитерді беру. Мадақтау.</p>	<p>4-тапсырма: Дид ойын: «Қыс келбеті» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Майшам арқылы мұзды бейнелеу. Шарты: Ақ қағазға майшаммен шимай бейне салу. Үстін көк су бояқпен бояу. 2-топ: Ағаштарға қар ұлпаларын жапсыру. 3-топ: Құстардың ұясына ермексаздан діндер толтырып жасау. Жасаған жұмыстарды суретке түсіріп, Қар ханшайымына жіберу. Қортынды Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады (Аяз) Көлдің беті көк әйнек, Сырғанауға тым әйбет. (Мұз) Жұмбақтың шеңуін сұрақтар қоя отырып, жауап алу ұйым аяқтау</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттар» Қызығушылықты ояту. Балаларды ортаға шақырады. Балалар қазір мына әуен аяқталғанша әрбір үйге қажетті деген заттарды алып келіңдер.</p>	<p>Тәрбиеші : - Балалар, бүгін біз не туралы сөйлестік? Балаларды мадақтау.</p>	<p>Қарды қолыңа алып , оның не екенін айт. Қортынды: Жауаптар: суық, ақ, жарық. Тәжірибе№2 «Қардың еруі» қолымыздағы қарға не болатынын көрейік. Қар қолымыз жылы болғандықтан еріп кетті, қар тек салқын жерде ғана өз қалпын ұстап тұрады. Қортынды: Қар еріп, суға айналды. 3-тәжірибе «Қарды бояуға бола ма?» Қарды қарапайым тағамдық бояғыштармен немесе бояулармен бояуға болады және оның қалай боялатынын, бояу қар массасына қандай жылдамдықпен енетінін дәл бақылау керек. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Өзгелерге жақсы көңіл-күй сыйлайық. (Балалар алақандарынан көңіл-күйді үрлейді).</p> <p>Қортынды Біз қыс мезгілімен қоштасып жатырмыз. Қыс мезгілі несімен ұнайды? Қыс мезгіліне арнап тақпақ айтып берейік. Уақыт мол бөлеміз, Қыс қызығын көреміз. Сары аязға шыңдалып, Шымыр болар денеміз. Балаларды мадақтау.</p>
--	--	---	---	---	---

- Балалар сендердің үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық бұйымдар бар ма?

III. Ой дамыту.

АҚТ технологиясымен жұмыс.

П/Ж ойын:

«Ас үйдің заттарын ата»

Бұл заттардың бәрі үй тұрмысына қажетті заттар. Бұлар үй жиһаздары және тұрмыстық техникалық қажетті заттар.

бір-бірінен ажырату үшін экранға назар аудару.

Құрлымдалған ойын:

«Пайдалы, зиянды»

дидактикалық материалдармен жұмыс олардың қажеттілігі, зияны мен пайдасы жайлы айтып түсіндіру.

Әр затты түсіндіру кезінде сұрақ-жауап әдісін қолдану.

Мысалы: Бұл не?

Бүлүтіконымен не істейміз?

Оны алдымен тоққа қосамыз.

Ол ысиды, сосын киім үтіктейміз. Оны балалар қолдануға болмайды.

Неге? Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса

киімдерімізқыртыстанып тұрады.

		<p>Тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жекетөқталу.</p> <p>-Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз.</p> <p>тұрмыстық техникалар деп атаймыз.</p> <p>Сергіту сәті: «Шаңсорғыш ойыны».</p> <p>Балалардың біреуі шаңсорғыш қалғандары шаң боп жан жаққа жүгіріп жерге қонады. Шаңсорғыш оларды жинап шығарады. Оның қолы кимге тиеді. Олар жайлап орнынан тұрады.</p>			
Серуенге дайындық	<p>Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу.</p> <p>Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.</p>				
	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау	Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.	Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.
Серуен	Серуен № 2 «Қарды бақылау»	Серуен № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.	Серуен № 11 Боранды бақылау.	Серуен №12 Бұлтты бақылау.	Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.
	<p>Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту. Қысқы серуен картотекасынан</p>				
Серуеннен оралу	<p>«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.</p>				
	<p>Киімдерін шешу: Әр бала өз киімін орнына қоюға үйренеді.</p> <p>Тазалық процедуралары: Қолдарын жақсылап жууын қадағалау.</p> <p>Гигиеналық шаралар:</p>	<p>Киімдерін шешу: Киімдерін шешіп, бір-бірінің заттарын алмауға үйрету.</p> <p>Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жууға бағыттау.</p> <p>Гигиеналық шаралар:</p>	<p>Киімдерін шешу: Балаларды киімдерін ретімен шешуге дағдыландыру.</p> <p>Тазалық процедуралары: Қолдарын жуған соң сүлгісін қолдану.</p> <p>Гигиеналық шаралар:</p>	<p>Киімдерін шешу: Киімдерін бүктеп, шкафқа қоюға үйрету.</p> <p>Тазалық процедуралары: Қолдарын сабындап жуу, сүлгісін таза ұстау.</p> <p>Гигиеналық шаралар:</p>	<p>Киімдерін шешу: Әр бала өз киімін шешіп, жинақтап қоюға дағдыланады.</p> <p>Тазалық процедуралары: Қолдарын жақсылап жууды үйрету.</p>

	<i>Жуыну кезінде тыныш болуға тәрбиелеу. Түскі асқа дайындық: Ас алдында қолдарын жууын тексеру.</i>	<i>Сумен ойнамауды үйрету. Түскі асқа дайындық: Балаларды асханаға отырғызу.</i>	<i>Жуыну кезінде суды төкпеуді түсіндіру. Түскі асқа дайындық: Таза қолмен асханаға бару.</i>	<i>Сумен ойнамай, тыныштық сақтау. Түскі асқа дайындық: Ас алдында қолдарын жууды талап ету.</i>	<i>Гигиеналық шаралар: Жуыну кезінде сабынды дұрыс пайдалану. Түскі асқа дайындық: Балаларды асханаға дайындау.</i>
Түскі ас	<i>Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну</i>				
